

Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың тексеру парағын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 173 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 308 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 шілдеде № 14040 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 312 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 50 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.10.2018 № 312 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қоса беріліп отырған деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың тексеру парағы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 25 маусымдағы № 221 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 30 маусымдағы № 476 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 5 тамыздағы № 11770 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті:

- 1) осы бірлескен бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін және осы бірлескен бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық

қолтаңбасымен куәландырылған электронды және қағаз түріндегі көшірмелерін ресми жариялау үшін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін оның төлнұсқасына толық сәйкес келетін графикалық форматтағы көшірмелерін " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақта көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді осы іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Мәдениет
м и н и с т р і

_____ А. Мұхамедиұлы

Республикасы Қазақстан
спорт Ұлттық

м и н и с т р і

_____ Қ. Бишімбаев

Республикасы
экономика

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің төрағасы

_____ С. Айтпаева

2016 жылғы 29 маусым

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 20 маусымдағы № 173 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 1 шілдедегі № 308
бірлескен бұйрығына
қосымша

**Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде
Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың
тексеру парағы**

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабының
108) тармақшасына сәйкес)

_____ қатысты
(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының
атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	меншік нысанына қарамастан мөрлер мен мөртабандарының мәтіндері мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы				
2	бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпараттардың мәтіндері мемлекеттік және орыс тілдерінде (қажет болған жағдайда басқа тілдерде де) жазылуы				
3	көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады (қажет болған жағдайда басқа тілдерде де)				

Лауазымдық тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің
жетекшісі _____

—

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), (қолы)
лауазымы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК